

"2014 жылға субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қызылорда облысының әкімдігінің 2014 жылғы 10 шілдедегі N 640 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 14 тамыздағы N 684 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 тамызда N 4755 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына және "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 575 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2014 жылғы субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қызылорда облысының әкімдігінің 2014 жылғы 10 шілдедегі № 640 қаулысына (нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4725 нөмірімен тіркелген, 2014 жылғы 12 шілдеде "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

_____ А. Мамытбеков

2014 жылғы "14" тамыз

Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2014 жылғы "14" тамыздағы
№ 684 қаулысына қосымша
Қызылорда облысы әкімдігінің
2014 жылғы "10" шілдедегі
№ 640 қаулысына
қосымша

Басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі және басым дақылдарды өндіруді субсидилау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға)

р/ с	Басым дақылдардың тізбесі	Бір гектарға субсидия нормасы, теңге
1	Күріш	25000
2	Дәндік жүгері	45686
3	Майлы дақылдар	44010
4	Картоп	159161
5	Ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолдана отырып өсіретін картоп	219560
6	Көкөністер	120746
7	Ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолдана отырып өсіретін көкөністер	181910
8	Бақша	65396
9	Қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдары	3000000
10	Сүрлемдік жүгері	45964
11	Бірінші жылғы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	24179
12	Екінші және үшінші жылғы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	25800